 - (б) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда белгіленген тәртіпте қабылданған Ірі мәміле жасау туралы шешіммен және (немесе) Банк жасауға мүдделі мәмілені жасау туралы шешіммен келіспеуі; немесе

- (в) Жалпы жиналыстың Акционерге тиесілі акциялар бойынша берілетін құқықтарды шектейтін Жарғыға өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдауы (егер осы Акционер осындай шешім қабылданған Жалпы жиналысқа қатыспаса немесе жиналысқа қатысып, бірақ аталған шешімге қарсы дауыс берсе).
- 6.5.2. Жалпы жиналыс осы Жарғының 6.5.1.-бабында аталған шешімдерді қабылдаған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Акционер Банкке жазбаша өтініш беру арқылы өзіне тиесілі акцияларды сатып алуды талап етуге құқылы.
- 6.5.3. Банк аталған өтінішті алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Акционерден Акцияларды сатып алуға міндетті.
- 6.5.4. Егер Акционердің сатып алуға ұсынған Акцияларының саны Банктің сатып ала алатын Акцияларының санынан артық болатын болса, осы Акциялар әрбір Акционерге тиесілі Акциялардың санына пропорционал түрде сатып алынады.
- 6.6. Акциялардың рыноктық құны Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес анықталады. Акциялардың рыноктық құнын анықтайтын тұлғаны Директорлар Кеңесі сайлау үшін ұсынады. Егер рыноктық құны анықталуы керек Акциялар бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногында айналымда болатын болса, Акциялардың рыноктық құнын анықтау кезінде осындай рыноктағы Акциялармен жасалған мәміленің бағасы немесе сұраныс бағасы мен Акцияға деген ұсыныстар назарға алынады. Сондай-ақ Акциялардың рыноктық құнын анықтау кезінде Жеке меншік капиталдың мөлшері, Банктің даму жоспарларына сәйкес өзгерістер болашақтары, сондай-ақ осындай рыноктық бағаны анықтайтын тұлға маңызды деп санаған басқа да факторлар назарға алынады.
- 6.7.
- (а) осы жарғының 6.5.1.-бабында аталған Жалпы жиналыстың шешімдерінің бірі қабылданған күні орналастырылған Акцияларды Акционердің талап етуі бойынша сатып алғанда; немесе
- (б) Акцияларды сатып алу туралы шешімдер қабылданған күні - орналастырылған Акцияларды Банктің бастамасы бойынша сатып алғанда,
- Банктің сатып алатын орналастырылған Акцияларының саны орналастырылған Акциялардың жалпы санының 25 % (жиырма бес пайызынан) артпауы керек, Акцияларды сатып алумен байланысты шығындар Банктің Жеке меншік капиталының 10 % (он пайызынан) артпауы керек.
- 6.8. Банктің сатып алған акциялары жалпы жиналыста кворумды анықтайтын кезде есепке алынбайды және Жалпы жиналыста дауыс беру кезінде есептелмейді.

7- БАП. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- 7.1. Акционер Жарғымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құқықтар мен міндеттерге ие, соның ішінде:
 - 7.1.1. осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте Банкті басқаруға қатысу құқығы;
 - 7.1.2. Дивиденд алу құқығы;
 - 7.1.3. Банктің қызметі туралы ақпарат алу, соның ішінде Жалпы жиналыспен немесе Жарғымен анықталған тәртіпте Банктің қаржылық есебімен танысу құқығы;
 - 7.1.4. Тіркеушіден немесе атаулы ұстаушыдан Акцияларға деген меншік құқығын растайтын үзінді жазбалар алу құқығы;
 - 7.1.5. Директорлар Кеңесіне сайлауға Жалпы жиналысқа кандидатуралар ұсыну құқығы;
 - 7.1.6. Банк органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібінде даулау құқығы;
 - 7.1.7. Банктің қызметі туралы жазбаша сұраулар беру және Банкке сұрау келіп түкен күннен бастап 30 (отыз) күннің ішінде дәлелді жауаптар алу құқығы;
 - 7.1.8. Акцияларды немесе Акцияларға айырбасталатын басқа бағалы қағаздарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес артықшылық сатып алу құқығы;
 - 7.1.9. Банктің таратудан кейін қалған мүлкінің бір бөлігін алу құқығы;
 - 7.1.10. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген кез келген басқа құқықтар.
- 7.2. Ірі Акционердің қосымша құқықтары:
 - 7.2.1. кезектен тыс жиналысты өткізуді талап етуге немесе Директорлар Кеңесі Кезектен тыс жиналысты өткізуден бас тартқан жағдайда, Кезектен тыс жиналысты шақыру туралы сотқа арыз беру;
 - 7.2.2. Директорлар кеңесіне Жарғыға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізу туралы ұсыныстар жасау;
 - 7.2.3. Директорлар Кеңесінің отырысын шақыруды талап ету; және
 - 7.2.4. өз есебінен аудиторлық ұйымның Банкке аудит жүргізуін талап ету.
- 7.3. Осы Жарғының 7.1. және 7.2.-баптарынада белгіленген Акционерлердің құқықтарын шектеуге жол берілмейді.

7.4. Акционердің міндеттері:

7.4.1. Акцияларды төлеу;

7.4.2. 10 (он) күннің ішінде осы Акционерге тиесілі Акцияларды атаулы ұстаушыға және тіркеушіге Банк акцияларын ұстаушылардың реестрлер жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы хабарлау;

7.4.3. Қызметтік, коммерциялық немесе басқа заңмен қорғалатын құпияны құрайтын Банк туралы немесе оның қызметі туралы ақпаратты жарияламау; және

7.4.4. Осы Жарғыға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да міндеттерді орындау.

**8-БАП.
БАНКТІҢ ОРГАНДАРЫ**

Банктің келесі органдары бар:

Акционерлердің жалпы жиналысы - жоғарғы орган (бұдан кейін - “Жалпы жиналыс”);

Директорлар кеңесі – басқару органы; және

Басқарма – алқалық атқарушы орган.

Банкте Банктің ішкі құрылымдық бөлімшесі болып табылатын Ішкі аудит қызметі (басқармасы) құрылады.

**9-БАП.
ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫС**

9.1. Жалпы жиналыс Банктің жоғарғы органы болып табылады.

9.2. Жалпы жиналыстың ерекше құзыретіне келесі мәселелер жатады:

9.2.1. Жарғыға өзгертулер мен толықтырулар енгізу, оны жаңа редакцияда бекіту;

9.2.2. корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған жасалатын өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

9.2.3. Банкті ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім қабылдау;

9.2.4. Банктің жарияланған акцияларының санын арттыру немесе Банктің орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

- 9.2.5. Банктің Санақ комиссиясының мүшелерін сайлау, Санақ комиссиясының сандық құрамын Санақ комиссиясының өкілеттік мерзімін анықтау, Санақ комиссиясының өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 9.2.6. Банктің Директорлар Кеңесінің құрамдық санын, өкілеттіктер мерзімін белгілеу, мүшелерін сайлау, өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар Кеңесінің мүшелеріне төленетін сыйақының мөлшері мен талаптарын анықтау;
- 9.2.7. Банк қызметіне қажетті аудиторлық тексерулерді жүргізетін халықаралық, кәсіби танылған аудиторлық фирманы белгілеу, сондай-ақ осындай ұйыммен өзара қарым-қатынастарын тоқтату;
- 9.2.8. Жылдық қаржылық есебін бекіту;
- 9.2.9. Есеп қаржы жылы ішіндегі Банктің таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, Банктің жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау, жыл қорытындысы бойынша Банктің бір қарапайым Акциясына есептегендегі дивиденд мөлшерін бекіту;
- 9.2.10. Банкке тиесілі барлық активтердің 25 (жиырма бес) және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру арқылы басқа заңды тұлғаларды құруға немесе қызметіне қатысу туралы шешімдер қабылдау;
- 9.2.11. Жалпы жиналысты шақыру туралы Акционерлерге хабырлау нысанын анықтау, осындай ақпаратты басылымда жариялау туралы шешім қабылдау;
- 9.2.12. Банктің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Акцияларды сатып алатын кезде Акциялардың құнын анықтау әдістемесіне енгізілген өзгертулерді (егер әдістеме бекітілген болмаса, онда сол әдістеменің өзін) бекіту;
- 9.2.13. Жалпы жиналыстың күн тәртібін бекіту;
- 9.2.14. Акционерлерге Банктің қызметі туралы ақпаратты беру тәртібін анықтау, соның ішінде осындай ақпаратты жариялау үшін бұқаралық ақпарат құралын анықтау;
- 9.2.15. “алтын акцияны” енгізу және оның күшін жою;
- 9.2.16. Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайлар басталғанда Банктің Акциялары бойынша дивиденд төлеу туралы шешім қабылдау;
- 9.2.17. Жалпы жиналыс бекіткен Банк Акцияларды сатып алатын кезде олардың құнын белгілеу процедураларына сәйкес Акциялардың рыноктық құнын анықтайтын тұлғаларды тағайындау;

- 9.2.18. Жыл қорытындысы бойынша дивиденд төлемеу туралы шешім қабылдау;
- 9.2.19. Банктің бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін белгілеу, сондай-ақ оларға өзгерістер енгізу;
- 9.2.20. шешім қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасы және осы жарғымен акционерлердің Жалпы Жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.
- 9.3. Осы Жарғының 9.2.1.–9.2.4.-баптарында аталған мәселелер бойынша шешімдерді Банктің дауыс беру Акцияларының жалпы санның айқын басым көпшілігімен Жалпы жиналыс қабылдайды.
- 9.4. Қазақстан Республикасының заңнамасымен басқаша қарастырылмаса, барлық басқа мәселелер бойынша шешімдер дауыс беру Акцияларының жай көпшілік дауысымен қабылданады.
- 9.5. Жалпы жиналыс Банктің ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Банктің басқа органының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

10-БАП. ЖЫЛДЫҚ ЖӘНЕ КЕЗЕКТЕН ТЫС ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫС

- 10.1. Банк жыл сайын Басқарма орналасқан жерде Жалпы жиналыс өткізеді.
- 10.2. Жылдық жалпы жиналысты Директорлар кеңесі шақырады. Жылдық жоспарлы Жалпы жиналыстан басқа өткізілетін Акционерлердің Кезектен тыс Жалпы жиналыстарын (“Кезектен тыс жиналыстар”) Директорлар Кеңесі немесе Ірі Акционер шақырады. Осы Жарғыға сәйкес шақырылған Кезектен тыс жиналыс Жалпы жиналыс болып табылады. Жылдық Жалпы жиналыс Банктің органдары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген Жалпы жиналысты шақыру тәртібін бұзған жағдайда, сот шешімінің негізінде, мүдделі тұлғаның талап ету шағымы бойынша шақырылып, өткізілуі мүмкін.
- 10.3. Жылдық Жалпы жиналыс Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мерзімдерде өткізіледі.
- 10.4. Жылдық Жалпы жиналыс Банктің жылдық қаржылық есебін бекітеді; алдыңғы қаржы жылы ішіндегі Банктің таза кірісін бөлу тәртібін, соның ішінде қарапайым Акцияға төленетін дивиденд сомасын анықтайды. Жылдық жалпы жиналыс өз құзыретінің шегіндегі кез келген басқа мәселелерді қарастыруға құқылы.
- 10.5. Жалпы жиналысты келесі органдардың бірі дайындайды және өткізеді:
- 10.5.1. Басқарма;
 - 10.5.2. Банктің тіркеушісі;

10.5.3. Директорлар Кеңесі; немесе

10.5.4. Банктің тарату комиссиясы.

- 10.6. Басқарма Акционерлерге Жалпы жиналыс туралы Жалпы жиналыс өтетін күнге дейінгі 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей, ал сырттай немесе аралас дауыс беру кезінде – кем дегенде 45 (қырық бес) күн бұрын хабарлама береді. Жалпы жиналысты шақыру туралы хабарлама бұқаралық ақпарат құралында жариялану және/немесе Акционерлерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы беріледі. Жалпы жиналысты шақыру туралы ақпарат электронды басылымда қосымша жариялануы мүмкін. Әрбір Акционер Жалпы жиналысқа қатысуға өкілеттіктері бар жазбаша сенімхаты бар өз өкілі арқылы Жалпы жиналысқа қатысуға құқылы, егер осындай сенімхат оған дауыс беру құқығын беретін болса, ол осы құқықты дауыс беру кезінде қолдануға құқылы. Осындай сенімхат Жалпы жиналыстың өтетіндігі туралы хабарламада аталған мерзімнен кешіктірілмей және сонда аталған жерде ұсынылуы керек.
- 10.7. Жалпы жиналысты өткізу туралы хабарлама келесілерді қамтуы керек:
- 10.7.1. Басқарманың толық атауы және орналасқан жері;
- 10.7.2. Жалпы жиналысты шақыруға бастама көтерген тұлға туралы мәліметтер;
- 10.7.3. Жалпы жиналыс өтетін күн, уақыт, жер, Акционердің өкіліне Жалпы жиналысқа қатысу үшін берген жазбаша сенімхат ұсынылатын күн, уақыт, жер, Акционерлерді және/немесе олардың өкілдерін Жалпы жиналыста тіркеу басталатын уақыт, сондай-ақ бірінші Жалпы жиналыс өтпесе, Жалпы жиналыс қайтадан шақырылып өткізілетін күн және уақыт;
- 10.7.4. Жалпы жиналысқа қатысуға құқылы Акционерлердің тізімі жасалатын күн;
- 10.7.5. Жалпы жиналыстың күн тәртібі; және
- 10.7.6. Жалпы жиналыстың күн тәртібі туралы ақпаратпен (материалдармен) Акционерлердің танысу тәртібі.
- 10.8. Қайтадан өткізілетін Жалпы жиналыс алғашқы Жалпы жиналыс өтеді деп белгіленген күннен кейінгі келесі күннен ерте бола алмайды. Қайтадан болатын Жалпы жиналыс бірінші Жалпы жиналыс өтетін жерде өткізілуі керек. Қайтадан болатын Жалпы жиналыстың күн тәртібі болмай қалған Жалпы жиналыстың күн тәртібінен ерекшеленбеуі керек.
- 10.9. Ірі Акционер Директорлар кеңесінен Кезектен тыс жалпы жиналысты өткізуді және болатын Кезектен тыс жалпы жиналыстың күн тәртібіне өз ұсыныстарын енгізуді талап етуге құқылы. Осындай талап алдын ала Директорлар кеңесіне беріледі. Директорлар кеңесі осындай талапты алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде осындай талапты берген Акционерге Кезектен тыс

жалпы жиналысты шақыруға келісетіндігі туралы хабар береді. Директорлар кеңесі өз қалауынша Кезектен тыс жалпы жиналыстың күн тәртібін кез келген мәселелермен толықтыруға құқылы.

- 10.10. Жалпы жиналыстың күн тәртібін Директорлар Кеңесі жасайды және ол талқылауға салынатын нақты мәселелер туралы толыққанды тізімді қамтуы керек. Жылдық Жалпы жиналыстың күн тәртібі басқалармен қатар, келесі мәселелерді қамтуы керек:
 - 10.10.1. алдыңғы жылғы Банктің қызметі туралы Басқарманың берген жазбаша есебін бекіту;
 - 10.10.2. алдыңғы есеп жылындағы Банктің жылдық қаржы есебін және жылдық қаржы есептілігіне аудиторлық есепті бекіту;
 - 10.10.3. пайданы бөлу;
 - 10.10.4. Директорлар кеңесін сайлау;
 - 10.10.5. Сақтық қорын құру және пайдалану;
 - 10.10.6. тәуелсіз сыртқы аудиторды тағайындау және
 - 10.10.7. басқа да мәселелер.
- 10.11. Жалпы жиналыстың күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар Жалпы жиналыста дауыс беретін кезде шешім қабылдау үшін жеткілікті ақпаратты қамтуы керек. Жылдық жалпы жиналыстың күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар келесілерді қамтуы керек:
 - 10.11.1. Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңдарына сәйкес жүргізілген аудит қорытындысы бойынша Банктің жылдық қаржылық есебі;
 - 10.11.2. Банктің жылдық қаржы есебін аудиторлық тексеру;
 - 10.11.3. өткен қаржы жылы ішіндегі таза кірісті бөлу тәртібі және Банктің бір жай Акциясына есептегендегі осы жылғы дивидендтің мөлшері туралы Директорлар кеңесінің ұсыныстары; және
 - 10.11.4. жалпы жиналысты өткізу туралы бастама көтерушінің қалауынша басқа да құжаттар.
- 10.12. Акционерлерді таныстыру үшін Жалпы жиналыстың күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдарды Жалпы жиналыс өтетін күннен бұрынғы 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей Корпоративті Хатшы дайындауы керек.
- 10.13. Жалпы жиналыстың күн тәртібін Ірі Акционер немесе Директорлар Кеңесі толықтыра алады, бірақ Акционерлер Жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейінгі 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірілмей күн тәртібінің қосымша мәселелері

туралы хабардар болуы керек. Директорлар Кеңесінің Жалпы жиналысы күн тәртібіне енгізуге ұсынылған қосымша мәселелер туралы Жалпы жиналысқа хабарлайды. Жалпы жиналыстың күн тәртібін Жалпы жиналысқа ұсынылған дауыс беру Акцияларының жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыс беру Акцияларының кем дегенде 95% (тоқсан бес пайызына) ие акционерлер (немесе олардың өкілдері) қатысып, күн тәртібіне өзгертулер енгізу туралы қолдап дауыс берсе, Жалпы жиналыстың күн тәртібіне өзгертулер немесе толықтырулар енгізілуі мүмкін. Сырттай дауыс беру арқылы Жалпы жиналысты өткізу кезінде күн тәртібіне өзгертулер мен толықтырулар енгізілмейді, Жалпы жиналыс күн тәртібінде қамтылған мәселелерді қарастырмайды және осындай мәселелер бойынша шешімдер қабылдамайды.

10.14. Қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде дауыс беру Акцияларының 50 (елу) және одан да көп пайызын иеленетін және Жалпы жиналысқа қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізіміне енгізілген Акционерлер (немесе олардың өкілдері) тіркелсе, Жалпы жиналыстағы кворум сақталған және шешімдер қабылдауға құқықтық қабілетті деп саналады. Алғашқы жоспарланған, бірақ өтпей қалғанның орнына өтетін қайтадан болатын Жалпы жиналыс төмендегідей жағдайларда алғашқы күн тәртібінің мәселелерін қарастыруға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы:

10.14.1. кворумның болмауына байланысты өтпей қалған Жалпы жиналыста шақыру тәртібі сақталса;

10.14.2. қатысушылар ретінде тіркеу аяқталған кезде дауыс беруші Акциялардың 40 (қырық) және одан да көп пайызына ие Акционерлер (немесе олардың өкілдері), соның ішінде сырттай дауыс берген Акционерлер тіркелсе.

10.15. Акционерлерге сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдер жіберілген жағдайда, аталған бюллетеньдермен танытылған дауыстар және жалпы жиналыстың қатысушыларын тіркеген кезде алынған дауыстар кворумды анықтау кезінде және дауыстар қортындысы шығаратын кезде есепке алынады. Сырттай дауыс беру арқылы Жалпы жиналысты өткізетін кезде кворум болмаған жағдайда, Жалпы жиналыс қайтадан өткізілмейді.

11-БАП.

ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСТЫ ӨТКІЗУ

11.1. Жалпы жиналыс осы Жарғының 10.14-бабында қарастырылған кворум болғанда, жарияланған уақытта ашылады. Барлық Акционерлер немесе олардың өкілдері тіркеліп болғаннан кейін Жалпы жиналысты уақытынан бұрын ашу туралы хабардар болып, оған қарсылық білдірмеген жағдайлардан басқа кездері жарияланған уақыттан бұрын Жалпы жиналыс ашылмайды.

11.2. Жалпы жиналыс өзінің төрағасы (төралқасы) мен хатшысына сайлау өткізеді. Жалпы жиналыс дауыс беру нысанын белгілейді: құпия (бюллетеньдер бойынша) немесе ашық. Төрағаны (төралқаны) және хатшыны сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беру кезінде әрбір Акционер өзінің Акцияларының санына тең дауыс санына ие болады, ал шешім Жалпы жиналысқа қатысып отырғандардың

жай көпшілік даусымен қабылданады. Басқарманың мүшелері жалпы жиналыста Төраға бола алмайды.

- 11.3. Жалпы жиналысты өткізетін кезде оның төрағасы қарастырылатын мәселе бойынша жарыссөзді тоқтату туралы, сондай-ақ ол бойынша дауыс беру әдісін өзгерту туралы ұсынысты дауысқа салуға құқылы. Төраға Жалпы жиналыстың күн тәртібінің мәселесін талқылауға қатысуға құқылы тұлғалардың сөз сөйлеуіне қарсы болуға құқықсыз, бірақ бұған сөйленіп жатқан сөздер Жалпы жиналыстың регламентін бұзуға әкелетін немесе осы мәселе бойынша жарыссөздер аяқталған жағдайлар жатпайды.
- 11.4. Жалпы жиналыс өз жұмысын тоқтату және Жалпы жиналыстың жұмыс мерзімін ұзарту туралы, соның ішінде жекелеген мәселелерді келесі күні қарастыру туралы шешім қабылдауға құқылы. Жалпы жиналыс күн тәртібінің барлық мәселелерін қарастырып, олар бойынша шешім қабылдау аяқталғанда ғана жабық деп жарияланады.
- 11.5. Жалпы жиналыстың хатшысы Жалпы жиналыстың хаттамасындағы мәліметтердің толыққандылығы мен шынайылығы үшін жауапты. Жалпы жиналыстың хаттамасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілген мәліметтерді қамтиды. Жалпы жиналыстың хаттамасы Жалпы жиналыс жабылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей жасалып, қол қойылуы керек. Хаттамаға Жалпы жиналыстың төрағасы (төралқа мүшесі), хатшысы, Жалпы жиналыстың жұмысына қатысатын және дауыс беру Акцияларының 10 (он) және одан да көп пайызына ие Акционерлер қолдарын қояды. Қол қоюға міндетті тұлға қол қоя алмайтын болса, хаттамаға өзі берген сенімхаттың негізінде оның өкілі қолын қояды. Хаттамаға қол қоюға міндетті қандай да бір тұлға оның мазмұнымен келіспеген жағдайда, ол бас тартуының себебінің жазбаша түсініктемесін беріп, қол қоюдан бас тартуға құқылы, осы түсініктеме хаттама қоса беріледі.
- 11.6. Егер Жалпы жиналыстың шешімімен басқаша белгіленбесе, Акционерлердің, Директорлар Кеңесінің немесе Басқарма мүшелерінің шақыруымен кез келген тұлға Жалпы жиналысқа қатысуға құқылы. Жалпы жиналыс осындай тұлғаның Жалпы жиналысқа қатысу құқығын бекітеді.
- 11.7. Басқарма Банктің негізгі қызмет жері бойынша сақталуы керек хаттамаларды сақтауға арналған папкаға хаттаманы қосады. Хаттама ағылшын және орыс тілдерінде жасалады, егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен талап қарастырылса, қазақ тілінде де жасалады. Барлық акционерлерге әрбір жалпы жиналыстың хаттамасының көшірмесі жіберілуі керек.

12- БАП.

СЫРТТАЙ ДАУЫС БЕРУ ӨТКІЗУ АРҚЫЛЫ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСТЫҢ ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАУЫ

- 12.1. Жалпы жиналыстың шешімдері сырттай дауыс беру арқылы өткізілуі мүмкін.

- 12.2. Сырттай дауыс беру Жалпы жиналысқа тіркелген және қатысатын Акционерлердің дауыс беруімен бірге (аралас дауыс беру) немесе Жалпы жиналысты өткізбей қолданыла алады.
- 12.3. Сырттай дауыс беру кезінде Корпоративтік Хатшы белгілі бір нысандағы дауыс беруге арналған бюллетеньдерін дайындап, Акционерлердің тізіміне енгізілген Акционерлерге жібереді (тарағадy).
- 12.4. Бюллетень Жалпы жиналыс болатын күнге немесе Жалпы жиналысты өткізбей дауыстар саналатын күннен бұрынғы 45 күннен кешіктірмей Акционерге жіберіледі.
- 12.5. Бюллетень келесілерді қамтуы керек:
 - 12.5.1. Банктің толық атауы және Басқарманың орналасқан жері;
 - 12.5.2. Жалпы жиналысты шақырушы туралы мәліметтер;
 - 12.5.3. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдер берілетін соңғы күн;
 - 12.5.4. Жалпы жиналыстың отырысы өтетін күн немесе Жалпы жиналыстың отырысын өткізбей-ақ сырттай дауыс беруге арналған дауыстарды санайтын күн;
 - 12.5.5. Жалпы жиналыстың күн тәртібі;
 - 12.5.6. Егер Жалпы жиналыстың күн тәртібі Директорлар Кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселені қамтитын болса, бюллетеньде әрбір кандидаттың аты-жөні, әкесінің аты көрсетілуі керек;
 - 12.5.7. Дауыс берілетін мәселелер құрылымы;
 - 12.5.8. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша “Қолдаймын”, “Қарсымын” және “Қалыс қаламын” деген сөздермен білдірілетін дауыс беру варианттары;
 - 12.5.9. Күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс беру тәртібін (бюллетеньдерді толтыруды) түсіндіру.
- 12.6. Заңды тұлға-акционердің бюллетеніне заңды тұлғаның басшысы қолын қойып, мөрімен куәландырылуы керек. Заңды тұлға-акционердің бюллетеніне басшысының қолы және (нақты жағдайға байланысты) заңды тұлғаның мөрі қойылмаған бюллетеннің күші жоқ деп саналады.
- 12.7. Дауыстарды санайтын кезде дауыс берушінің дауыс беру варианттарының біреуін ғана белгілеген және дауыс беру тәртібі сақталған мәселелер бойынша ғана дауыстар есептеледі.

- 12.8. Егер Жалпы жиналыстың күн тәртібі Директорлар Кеңесінің мүшелерін сайлау мәселелерін қамтыған болса, сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде жекелеген кандидаттарды қолдауға берілген дауыстардың санын көрсететін жол берілуі керек.
- 12.9. Егер сырттай дауыс беру үшін бюллетенін ертеректе жіберген Акционер жеке өзі қатысу үшін және аралас дауыс беру қолданылатын Жалпы жиналыста дауыс беру үшін келген болса, оның бюллетені Жалпы жиналыстың кворумын анықтайтын кезде және күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыстарды санайтын кезде есепке алынады.

13-БАП. ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСТА ДАУЫС БЕРУ

- 13.1. Жалпы жиналыста дауыс беру “бір акция – бір дауыс” принципі бойынша жүргізіледі, бұған келесі жағдайлар жатпайды:
- 13.1.1. Қазақстан Республикасының заңдамасымен қарастырылған жағдайларда бір Акционерге берілген Акциялар бойынша дауыстардың ең үлкен санын шектеу; және
- 13.1.2. Директорлар Кеңесін сайлау кезінде кумулятивті дауыс беру, және
- 13.1.3. Жалпы жиналысты өткізудің процедуралық мәселелері бойынша дауыс беру кезінде Жалпы жиналыста дауыс беруге құқығы бар әрбір тұлғаға бір дауыс беру.
- 13.2. Кумулятивті дауыс беретін кезде Акционер өзінің даусын толығымен Директорлар Кеңесінің мүшелігіне ұсынылған бір кандидатқа бере алады немесе бірнеше кандидаттардың арасында бөле алады. Ең көп дауыс саны берілген кандидаттар Директорлар Кеңесіне сайланған болып саналады.
- 13.3. Егер қатысып дауыс беру тәртібінде өтетін Жалпы жиналыста дауыс беру құпия дауыс беру арқылы жүзеге асырылатын болса, осындай дауыс беру бюллетендері әрбір құпия дауыс беру жүзеге асырылатын бір мәселе бойынша жеке-жеке жасалуы керек және әрбір бюллетень келесілерді қамтуы керек:
- 13.3.1. Жалпы жиналыстың күн тәртібіндегі мәселені немесе оның реттік нөмірін құру;
- 13.3.2. “қолдаймын”, “қарсымын” және “қалыс қаламын” деген сөздермен берілетін дауыс беруге салынған әрбір мәселе бойынша дауыс беру варианттары немесе Банк органдарына ұсынылған әрбір кандидатты қолдауға берілген дауыстар саны; және
- 13.3.3. Акционерге тиесілі дауыстардың саны.
- 13.4. Жалпы жиналысқа қатысу арқылы құпия дауыс беруге арналған бюллетеньге дауыс беретін тұлға қолын қоймайды, бірақ бұған Акционердің өзі бюллетеньге қол қойғысы келген, соның ішінд өзіне тиесілі акцияларын Банктің сатып алуын

талап ету мақсаттарындағы жағдайлар жатпайды. Бюллетеньдер бойынша дауыстарды санау кезінде Жалпы жиналыста дауыс беру кезінде дауыс берушінің дауыс беру варианттарының біреуін ғана белгілеген мәселелері бойынша ғана және дауыс беру тәртібі сақталған дауыстар есепке алынады.

- 13.5. Жалпы жиналыс/Корпоративті хатшы дауыс беру қорытындысы бойынша дауыс беру қорытындысы бойынша хаттаманы жасап, қолын қояды.
- 13.6. Дауыс беру қорытындысы жасалғаннан кейін дауыс беру қорытындысы негізінде жасалған қатысу арқылы құпия дауыс беруге және сырттай дауыс беруге арналған толтырылған бюллетеньдер (соның ішінде күші жоқ деп танылған бюллетеньдер) хаттамамен бірге тігіліп, Банктің сақтауына мұрағатқа беріледі.
- 13.7. Дауыс беру қорытындысы туралы хаттама Жалпы жиналыстың хаттамасына қоса берілуі керек.
- 13.8. Корпоративтік хатшы әрбір Акционерге Жалпы жиналыс жабылғаннан кейін 10 (он) күнінің ішінде жазбаша хабарлама жіберу арқылы дауыс беру нәтижелері туралы хабарлайды.

14-БАП.

ТЕЛЕФОНМЕН КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТКІЗУ АРҚЫЛЫ БОЛАТЫН ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫС

- 14.1. Егер Қазақстан Республикасының заңдамасымен басқаша қарастырылмаса, Акционерлер телефонмен бірін-бірі ести алатын және осындай Жалпы жиналысқа бірдей әдіспен қатыса алатын байланыстың осындай құралымен конференция өткізу арқылы болатын Жалпы жиналысқа қатысуға құқылы, осындай Жиналысқа осындай әдіспен қатысу Жалпы жиналысқа қатысумен бірдей болады.
- 14.2. Акционерлер телефон конференциясын немесе басқа ұқсас байланыс құралы арқылы өткізілетін жалпы жиналысты шақыру туралы осындай Жалпы жиналыс өтетін күнге дейінгі 45 (қырық бес) күннен кешіктірілмей хабардар болулары керек. Телефонмен немесе ұқсас байланыс құралымен конференция өткізу арқылы болатын Жалпы жиналысты шақыру туралы ақпарат Акционерлерге жазбаша хабарлама арқылы жіберіледі. Осындай хабарлама осы Жарғының 10.7.-бабында қарастырылған ақпаратты қамтуы керек. Телефонмен немесе ұқсас басқа құралмен конференция өткізу арқылы болатын Жалпы жиналысқа 10.9-10.13-баптардың ережелері қолданылады.
- 14.3. Телефонмен немесе басқа байланыс құралымен конференция өткізу арқылы болатын Жалпы жиналыс белгіленген уақытта ашылады және белгіленген уақыттан ерте ашыла алмайды. Егер телефонмен немесе басқа ұқсас байланыс құралымен өткізілетін Жалпы жиналысқа Акционерлердің тізіміне енгізілген және дауыс беру Акцияларының 50 (елу) және одан да көп пайызына ие Акционерлер қатысса, Жалпы жиналыс кворумға қатысты талаптар қанағаттандырылған және шешім қабылдауға болады деп саналады.

- 14.4. Телефонмен немесе басқа байланыс құралымен өткізілетін Жалпы жиналыстың төрағасын (төралқасын) және хатшысын сайлайды. Төрағаны (төралқаны) және хатшыны сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беру кезінде осы Акционердің Акцияларының санына тең дауыс санына ие, ал шешім телефонмен немесе басқа ұқсас байланыс құралы арқылы өткізілетін конференция арқылы болатын Жалпы жиналысқа қатысқандардың жай көпшілік даусымен қабылданады. Басқарманың мүшелері телефонмен немесе басқа ұқсас байланыс құралы арқылы өткізілетін жалпы жиналыста төраға бола алмайды.
- 14.5. Телефонмен немесе ұқсас байланыс құралы арқылы өткізілетін жалпы жиналыста дауыс беру келесі жағдайлардан басқа кездері “бір акция – бір дауыс” деген принцип бойынша өткізіледі:
- 14.5.1. Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайларда бір Акционерге берілген Акциялар бойынша дауыстардың максималды санына шектеулер қойылғанда; және
- 14.5.2. Директорлар Кеңесін сайлау кезінде кумулятивті дауыс беру кезінде, және
- 14.5.3. Жалпы жиналысты өткізудің процедуралық мәселелері бойынша дауыс беру кезінде Жалпы жиналыста дауыс беруге құқығы бар әрбір тұлғаға бір дауыс беру.
- 14.6. Кумулятивті дауыс беру кезінде Акционер барлық даусын Директорлар Кеңесінің мүшелігіне ұсынылған бір кандидатқа немесе бірнеше кандидаттардың арасына бөліп дауыс беруге құқылы. Дауыстардың көп саны берілген кандидаттар Директорлар Кеңесіне сайланған деп саналады.
- 14.7. Телефонмен немесе басқа байланыс құралымен өткізілген конференция арқылы болатын Жалпы жиналыстың шешімдері хаттамада көрінген жағдайда күші бар деп саналады.
- 14.8. Телефонмен немесе басқа байланыс құралы арқылы өткізілген конференция арқылы өткізілетін Жалпы жиналыстың хатшысы Жалпы жиналыстың хаттамасын жасайды, оған Жалпы жиналыстың төрағасы (төралқасы), хатшысы және Жалпы жиналысқа қатысқан Акционерлер қолдарын қояды. Хаттама жалпы жиналыс жабылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жасалоп, қол қойылуы керек. Хаттамада Қазақстан Республикасының заңнамасының және осы Жарғының талаптарымен қарастырылған ақпаратты қамтуы керек.

15-БАП. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

- 15.1. Осы Жарғының ережелерін және Жалпы жиналыстың өкілеттіктерін есепке ала отырып, Директорлар Кеңесі Банктің қызметіне жасалған басшылық үшін жауап береді. Директорлар Кеңесі өзі қажет деп тапқан жағдайларда немесе Басқарма нұсқау берген кезден өз нұсқауларымен Басқармаға ықпал етеді.

15.2. Директорлар Кеңесінің құрамына Төраға мен Төрағаның орынбасарын қоса алғанда, көп дегенде 10 (он) мүше кіруі керек. Директорлар Кеңесінің мүшелерінің минимал санын жалпы жиналыс Қазақстан Республикасының заңдамасымен анықталуы керек және ол 3 (үш) адамнан аз болмауы керек. Банктің Директорлар кеңесінің мүшелері санының үштен бірінен кем болмауы керек.

Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылатын тұлғаларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңдарында және осы Жарғыда белгіленеді.

15.3. Директорлар Кеңесінің Төрағасы, Директорлар Кеңесінің орынбасары, Директорлар Кеңесінің мүшесі қызметке алғаш тағайындалған кезде 66 (алпыс алты) жастан үлкен болмауы керек.

15.4. Директорлар Кеңесінің мүшелері 70 (жетпіс) жасқа толғаннан кейінгі бірінші Жалпы жиналысында жұмыстан кетеді.

16-БАП. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІ

16.1. Директорлар Кеңесінің мүшелерін жылдық Жалпы жиналыс сайлайды. Директорлар Кеңесінің өкілеттіктер мерзімін Жалпы жиналыс белгілейді. Директорлар Кеңесінің өкілеттіктер мерзімі оның жаңа құрамын Жалпы жиналыс сайлаған кезде аяқталады. Егер Қазақстан Республикасының заңдамасымен басқаша қарастырылмаса, Директорлар Кеңесінің мүшелері тура сол қызметке бірнеше рет қайта сайлана алады.

16.2. Жалпы жиналыс өз бастамасы бойынша және кез-келген негіз бойынша немесе негізсіз Директорлар Кеңесінің кез-келген мүшесінің немесе барлық мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

16.3. Жеке бастамасы бойынша Директорлар Кеңесінің кез-келген мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуы Директорлар Кеңесіне жіберілетін қызметтен кету туралы жазбаша өтініштің негізінде жүзеге асырылады. Осындай тұлғаның өкілеттіктер мерзімі Директорлар Кеңесінің аталған өтінішті алған кезінен басталады.

16.4. Директорлар Кеңесінің мүшесінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Директорлар Кеңесінің жаңа мүшесі Жалпы жиналысқа қатысып отырған Акционерлердің кумулятивтік дауыс беруі арқылы сайланады. Директорлар Кеңесінің осындай жаңа мүшесінің өкілеттіктер мерзімі Директорлар Кеңесінің өкілеттіктер мерзімі аяқталған кезде тоқтайды.

16.5. Директорлар Кеңесі Төрағаны және Директорлар Кеңесінің Төрағасының орынбасарын өз мүшелерінің арасынан сайлайды. Олардың әрқайсысы ашық дауыс беру арқылы отырысқа қатысқан Директорлар Кеңесінің мүшелерінің көпшілік даусымен 1 (бір) жылға сайланады, олардың әрқайсысы осы қызметке қайта сайлана алады. Директорлар кеңесі кез келген уақытта осы Қызметке Төрағасына қайта сайлау жүргізе алады.

- 16.6. Басқарма Төрағасынан басқа, Басқарманың мүшелері Директорлар Кеңесінің мүшелері бола алмайды. Басқарманың Төрағасы Директорлар Кеңесінің Төрағасының қызметіне сайлана алмайды.
- 16.7. Жалпы жиналыс алдын ала бекітпей тұрып Директорлар Кеңесінің мүшелері Басқарманың немесе Директорлар Кеңесінің немесе бір немесе бірнеше Акционер акционерлері болып табылатын Қазақстандағы шетелдік қатысуы бар кез келген банктің басқармасының мүшелері бола алмайды.

17-БАП.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСТАРЫН ШАҚЫРУ

- 17.1. Директорлар Кеңесінің Төрағасы Директорлар Кеңесінің отырысын Алматы қаласында немесе басқа жерде өз бастамасы бойынша, Директорлар Кеңесінің, Банктің ішкі аудит Қызметінің (басқармасының) кез келген мүшесінің, Банктің тәуелсіз аудиторының, Басқарманың немесе Банктің дауыс беру Ірі Акционердің талап етуі бойынша шақырады. Директорлар Кеңесі өз отырыстарын айына кем дегенде 3 (үш) рет өткізеді. Директорлар Кеңесінің отырыстары сол талапты ұсынған тұлғаны міндетті түрде шақыру арқылы өткізіледі.
- 17.2. Басқарма Директорлар Кеңесінің барлық мүшелеріне хабарлама жіберілген және отырыс болатын күнді санамағанда отырыс болатын күнге қалған 7 (жеті) күннен кешіктірмей отырыстың болатын күні, жері, уақыты, күн тәртібі және отырысқа қатысты басқа да ақпарат көрсетілген жазбаша хабарлама жіберіледі.
- 17.3. Директорлар Кеңесінің Төрағасы Кезектен тыс отырысты өткізу өзі жүргізген аудиторлық тексерулердің нәтижесінде екендігі туралы Директорлар Кеңесінің ішкі Аудит Қызметінің (басқармасының) жазбаша хабарлаған күнінен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде Директорлар Кеңесінің Кезектен тыс отырысын шақырады.
- 17.4. Директорлар Кеңесінің Төрағасы Директорлар Кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, Директорлар Кеңесінің отырыстарында төраға болады, осы жарғымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген басқа да міндеттемелерді орындайды.
- 17.5. Басқарманың Төрағасы Директорлар Кеңесінің отырыстарында қатысуға құқылы, бірақ ол осындай отырыстарда дауыс беруге қатысуға құқықсыз, бірақ бұған Басқарманың Төрағасы Директорлар Кеңесінің мүшесі болып табылатын жағдайлар жатпайды. Директорлар Кеңесі өз мүшелері ғана қатыса алатын жабық отырыс өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

18-БАП.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСТАРЫ

- 18.1. Егер осы жарғының 17.2. Бабына сәйкес Директорлар Кеңесінің отырысы шақырылған болса, ол тиісті түрде өткізілген деп саналады. Егер отырысқа Директорлар Кеңесінің мүшелерінің көпшілігі қатысса, Директорлар Кеңесінің отырысының кворумы бар және ол шешім қабылдауға құқықтық қабілетті деп саналады. Директорлар Кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады. Мұндай

көпшілік Директорлар Кеңесінің сандық құрамының жартысынан кем болмауы керек.

- 18.2. Директорлар Кеңесінің шешімдері Директорлар Кеңесінің мүшелері тағайындайтын отырыста төраға болған тұлға мен хатшысы жасаған хаттама түрінде рәсімделеді. Хаттамада Банктің толық атауы, орналасқан жері, отырыс өткен күн, уақыт, жер, отырысқа қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер, отырыстың күн тәртібі, дауысқа салынған барлық мәселелер, олар бойынша дауыс беру қорытындылары, Директорлар Кеңесінің шешімі бойынша басқа да мәліметтер беріледі. Директорлар Кеңесінің отырысының хаттамасы отырыс өткізілген күннен бастап 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде жасалуы керек және оған отырыстың төрағасы мен отырыстың хатшысы қолдарын қояды.
- 18.3. Директорлар Кеңесі отырысты өткізбей-ақ сырттай дауыс беру арқылы күн тәртібіне енгізілген мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.
- 18.4. Отырысты өткізбей-ақ сырттай дауыс беруді өткізу кезінде Директорлар Кеңесінің мүшелеріне белгілі бір нысандағы бюллетеньдер жіберіледі (тартылады).
- 18.5. Бюллетень отырысты өткізбей-ақ дауыстар саналатын күнге дейінгі 7 (жеті) күннен кешіктірілмей Директорлар Кеңесінің мүшелеріне жіберілуі керек.
- 18.6. Бюллетеньде келесі мәліметтер қатылуы керек:
 - 18.6.1. Басқарманың толық атауы және орналасқан жері;
 - 18.6.2. Отырысты шақыруға бастама көтерген тұлға туралы мәліметтер;
 - 18.6.3. Сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдер берілетін соңғы күн;
 - 18.6.4. Дауыстарды санау күні;
 - 18.6.5. Отырыстың күн тәртібі;
 - 18.6.6. Дауыс беру жүргізілетін мәселелерді жасау;
 - 18.6.7. “қолдаймын”, “қарсымын” және “қалыс қаламын” деген сөздермен білдірілетін дауыс беруге арналған әрбір мәселе бойынша дауыс беру варианттары;
 - 18.6.8. күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс беру (бюллетеньді толтыру) тәртібін түсіндіру.
- 18.7. Директорлар Кеңесінің мүшелері бюллетеньде көрсетілген соңғы күннен кешіктірмей Корпоративтік хатшыға толтырылған және қол қойылған бюллетеньді қайтарады.
- 18.8. Сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған кезде қабылданған деп танылады.

- 18.9. Отырысты өткізбей-ақ сырттай дауыс беру арқылы қабылданған Директорлар Кеңесінің шешімдерін Корпоративті хатшы жазбаша нысанда рәсімдейді. Осындай шешімдер дауыстарды санау күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде рәсімделуі керек және оған осы Жарғыға сәйкес шешімдер қабылдау үшін жеткілікті болатын Директорлар Кеңесінің мүшелер саны қолдарын қоюлары керек.
- 18.10. Шешім рәсімделген күннен бастап жиырма күннің ішінде ол Директорлар Кеңесінің мүшелеріне жіберіліп, оған осы шешімді қабылдауға негіз болған бюллетеньдер тіркеулі қажет.

19-БАП.

ТЕЛЕФОНМЕН КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТКІЗУ АРҚЫЛЫ БОЛАТЫН ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСТАРЫ

- 19.1. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен басқаша қарастырылмаса, Директорлар Кеңесінің мүшесі телефонмен немесе отырысқа қатысатын барлық тұлғалар бірін-бірі ести алатындай басқа ұқсас құралды қолдана отырып өткізілетін конференция арқылы болатын Директорлар Кеңесінің отырысына қатысуға құқылы, осындай әдіспен қатысу отырысқа қатысумен бірдей болады.
- 19.2. Басқарма хабарлама берілген және отырыс болатын күндерді есептемегенде, отырыс болатын күнге дейінгі 7 (жеті) күннен кешіктірмей Директорлар Кеңесінің барлық мүшелеріне отырыстың болатын күні, жері, уақыты және күн тәртібі туралы хабарлайды.
- 19.3. Телефонмен немесе басқа ұқсас байланыс құралымен конференция өткізу арқылы болатын Директорлар Кеңесінің отырысы белгіленген уақытта ашылады және белгіленген осындай уақыттан ерте ашыла алмайды.
- 19.4. Егер отырысқа Директорлар Кеңесінің мүшелерінің көпшілігі қатысса, телефонмен немесе басқа ұқсас байланыс құралымен өткізілген конференция арқылы болатын Директорлар Кеңесінің отырысы кворумға қатысты қанағаттандырылды және шешімдер қабылдай алады деп саналады. Директорлар Кеңесінің әрір мүшесі телефонды конференция немесе басқа байланыс құралы арқылы өткізілген Директорлар Кеңесінің отырысында бір дауысқа ие болады. Егер осы Жарғының 21.3.-бабында басқаша қарастырылмаса, Директорлар Кеңесінің шешімдері Директорлар Кеңесінің мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады.
- 19.5. Телефонды конференция немесе басқа байланыс құралы арқылы қабылданған Директорлар Кеңесінің шешімдері хаттамада көрінген жағдайда күші бар деп саналады.
- 19.6. Телефонды конференция немесе басқа байланыс құралы арқылы өткізілген Директорлар Кеңесінің отырыстарының хаттамасында Банктің толық атауы, орналасқан жері, отырыстың болған күні, уақыты, жері, отырысқа қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер, отырыстың күн тәртібі, дауысқа салынған барлық

мәселелер, олар бойынша қабылданған шешімдер, Директорлар Кеңесінің шешімі бойынша басқа да мәліметтер көрсетілуі керек.

- 19.7. Корпоративті хатшы телефонды конференция немесе басқа байланыс құралы арқылы өткізілген Директорлар Кеңесінің отырысының хаттамасын жасайды, оған Директорлар Кеңесінің отырысында төраға болған тұлға, Корпоративті хатшы, телефон конференциясын немесе басқа байланыс құралдары арқылы өткізілген отырысқа қатысқан Директорлар Кеңесінің мүшелері қолдарын қоюлары керек.

20-БАП. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МІНДЕТТЕРІ

- 20.1. Директорлардың Кеңесі Акционерлердің Жалпы жиналысы белгілеген негіздемелі принциптерге сәйкес Банк саясатының жалпы бағыттарын белгілейді.
- 20.2. Директорлар Кеңесінің ерекше міндеттері баланстық есепті, кірістер мен шығындар туралы есепті қарастыруды, Басқарманың түсініктеме жазуларын, таза кіріс пен шығындарды жабуға қатысты Басқарманың ұсыныстарын зерттеуді, сондай-ақ Жалпы жиналыстың қарауына берілген басқа құжатнамамен қоса жылдық қаржы есебін ұсынуды қамтиды.
- 20.3. Директорлар Кеңесінің мүшелері Банктің ғимараттары мен құжатнамасына үнемі рұқсаты болады, олар Директорлар Кеңесі қажетті деп санаған кез-келген ақпаратты немесе есепті сұрауға құқылы.
- 20.4. Директорлар Кеңесі осы Жарғының 20.1 және 20.2-баптарында қарастырылғандай, өз міндеттерін алқалық түрде орындайды. Директорлар Кеңесі дербес түрде әрекет ете отырып, мүшелер осы Жарғының 21-бабында аталған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға құқықтық қабілетсіз екендігін біле тұрып, Директорлар Кеңесінің белгілі бір мүшелеріне тұрақты немесе уақытша негізде басқару жөніндегі белгілі бір өкілеттіктерді беруге құқылы.

21-БАП. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЕРЕКШЕ ҚҰЗЫРЕТІ

- 21.1. Осы жарғының басқа Баптарында қамтылған ережелерге нұқсан келтірмей, Директорлар Кеңесінің ерекше құзыретіне келесі мәселелер жатады:
- 21.1.1. Банк қызметінің артықшылық бағыттарын белгілеу;
- 21.1.2. Жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысты шақыру туралы шешімдер қабылдау;
- 21.1.3. Жалпы жиналыстың күн тәртібін дайындау;

- 21.1.4. Акцияларды орналастыру (іске асыру) туралы, соның ішінде жарияланған Акциялар санының шегінде орналастырылатын (іске асырылатын Акциялардың саны туралы, орналастыру (іске асыру) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 21.1.5. Орналастырылған Акцияларды және басқа да бағалы қағаздарды Банктің сатып алуы туралы және сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 21.1.6. Банктің жылдық қаржы есебін алдын ала бекіту;
- 21.1.7. корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімдерін белгілеу және оларды мерзімінен бұрын тоқтату;
- 21.1.8. Банктің облигацияларының және туынды бағалы қағаздарының шығарылым талаптарын анықтау;
- 21.1.9. Басқарманы сайлау, Басқарма мүшелері мен Төрағасының өкілеттік мерзімдерін белгілеу және оларды мерзімінен бұрын тоқтату, Басқарма мүшелерінің, соның ішінде Төрағасының лауазымдық жалақысының, еңбекақысының, оларға берілетін сыйақы мөлшерін және талаптарын белгілеу;
- 21.1.10. Ішкі аудит Қызметінің (басқармасының) жұмыс тәртібін анықтау, ішкі аудит Қызметінің (басқармасының) жұмыскерлерінің еңбекақы мен сыйақысының мөлшері мен талаптарын анықтау;
- 21.1.11. кәсіби халықаралық танылған аудиторлық фирманың, сондай-ақ ірі мәміленің мәні болып табылатын мүліктің нарықтық бағасын анықтайтын бағалаушының қызмет төлемінің мөлшерін белгілеу;
- 21.1.12. банктің ішкі қызметін реттейтін (Банктің қызметін ұйымдастыру мақсаттарында Басқарманың қабылдайтын құжаттарынан басқа) құжаттарды, сондай-ақ аукциондар мен Банктің бағалы қағаздарына жазылу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
- 21.1.13. Банктің филиалдары мен өкілдіктерін құру және ашу туралы шешімдер қабылдау, олар туралы ережелерді бекіту;
- 21.1.14. Банктің басқа ұйымдарды құруға және қызметіне қатысуы туралы шешімдер қабылдау;
- 21.1.15. бұрынғы тіркеушімен шартты бұзған жағдайда, тіркеушіні сайлау;
- 21.1.16. Банктің қызметтік немесе коммерциялық құпиясын немесе заң бойынша қорғалатын басқа құпияны құрайтын Банк немесе оның қызметі туралы ақпаратты белгілеу;
- 21.1.17. Ірі мәмілелер және Банк жасауға мүдделі мәмілелерді жасауы туралы шешімдер қабылдау, Банк міндеттемелерін оның жеке капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;

- 21.1.18. Жалпы жиналысты дайындау және өткізу мәселелері жөнінде шешімдер қабылдау;
- 21.1.19. Банктің қызметін анықтайтын Банктің ішкі құжаттамасын бекіту;
- 21.1.20. Банк пен тәуелсіз тіркеуші жасайтын шартты бекіту;
- 21.1.21. Бір уақыттағы немесе келесі 6 (алты) ай ішіндегі Банк жұмыскерлерін 20% (жиырма пайызға) ұлғайту туралы шешім қабылдау;
- 21.1.22. Банктің орта мерзімдік және ұзақ мерзімдік қарыз нұсқамаларын қолдану талаптары туралы, сондай-ақ баланстық есебінің құрылымы (соның ішінде іс жүргізу нормативтері) туралы шешімдер қабылдау;
- 21.1.23. Банктің ұйымдық құрылымы туралы шешімдер қабылдау;
- 21.1.24. Банктің қаржы-несиелік саясаты туралы, соның ішінде жоғарғы шектері, тәуекелер туралы есептер мен бақылау механизмдері туралы шешімдер қабылдау;
- 21.1.25. Үйлестірілген таза кірісті, Сақтық капиталды және Банктің басқа да қаржы қаражаттарын қолдану тәртібі туралы шешімдер қабылдау;
- 21.1.26. Банкроттық туралы ұсынысты беруге немесе басқа ұқсас ұсыныстарды беруге қатысты Жалпы жиналыстың нұсқаулары;
- 21.1.27. Банктік қызметтің жаңа түрлеріне қатысу туралы шешім қабылдау;
- 21.1.28. кез келген маңызды құқықтық шағымдары реттеу жөнінде шешімдер қабылдау;
- 21.1.29. Акциялардың рыноктық құнын анықтайтын тұлғаларды тағайындау;
- 21.1.30. Корпоративті хатшының лауазымдық жалақысы мөлшерін және оған сыйақы төлеу шарттарын белгілеу.
- 21.2. Директорлар Кеңесінің шешімдері осы Жарғының 21.3-бабында қарастырылған жағдайлардан басқа кездері отырыста дауыс беруге қатысқан Директорлар Кеңесі мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады.
- 21.3. Осы Жарғының 21.1.1., 21.1.16 және 21.1.24-21.1.28-баптарында аталған мәселелер бойынша Директорлар Кеңесінің шешімдері Директорлар Кеңесінің отырыстарына дауыс беруге қатысқан Директорлар Кеңесі мүшелерінің 90 % (тоқсан пайызының) дауыс беруімен қабылданады.
- 21.4. “Қолдаймын” және “қарсымын” дауыстары тең болған жағдайда, Төрағаның немесе Директорлар Кеңесінің отырысында төраға болған тұлғаның даусы шешуші болып табылады.

22- БАП. БАСҚАРМА

- 22.1. Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда белгіленген талаптармен Басқарма мүшелерін тағайындайды, олардың өкілеттік мерзімдерін уақытша және мүлдем тоқтатады.
- 22.2. Егер Директорлар кеңесі басқа шешім қабылдаса, Басқарманың құрамы кемінде 3 (үш) және көп дегенде 9 (тоғыз) мүшеден тұрады. Басқарманың құрамына Басқарманың Төрағасы мен мүшелері кіреді. Басқарманың жұмысын Басқарма Төрағасы басқарады. Басқарма мүшелері лауазымдары бойынша Басқарма Төрағасының орынбасарлары болып табылады. Басқарманың кем дегенде бір мүшесі Қазақстанның азаматы болуы керек. Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің қызметіне ұсынылатын кандидатуралар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте келісіледі. Басқарманың жеке құрамы Директорлар кеңесі отырысының хаттамасында көрсетілуі керек.
- 22.3. Басқарманың бір немесе бірнеше мүшесі болмаған жағдайда немесе басқа себептерге байланысты өз міндеттерін орындай алмайтын болғанда, осы міндеттерді Басқарманың Төрағасы (немесе Басқарманың Төрағасы болмағанда немесе басқа себептерге байланысты өз міндеттерін орындай алмайтын болғанда Басқарма Төрағасының міндеттерін орындайтын тұлға) Басқарманың осындай мүшелері қайтқанға дейін немесе өз міндеттерін орындау жаңғыртылғанға дейін немесе Басқарманың мүшелері жалпы жиналыстың шешімдерінің негізінде ауыстырылғанға дейін орындайды.
- 22.4. Басқарманың әрбір мүшесінің өкілеттіктер мерзімі 3 (үш) жылды құрайды. Басқарманың мүшелері сол қызметке қайтадан тағайындала алады.
- 22.5. Басқарма Төрағасының Орынбасарының және Басқарма мүшелерінің жасы қызметке алғаш тағайындалған күні 62 (алпыс екі) жастан үлкен бола алмайды, олар 65 (алпыс бес) жасқа толған күннен кейін өткізілетін бірінші Жалпы жиналыста қызметінен кетулері керек.

23-БАП. БАСҚАРМАНЫҢ ҚҰЗЫРЕТІ

- 23.1. Осы Жарғының ережелерін есепке ала отырып, Басқарма Банктің қызметіне ағымдағы басшылық жасайды. Басқарма өз жұмысын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықтайды, ұйымдастырады, атқарады. Алдыңғы ережелердің жалпы сипатын шектемей, Басқарма келесі өкілеттіктерге ие:
- 23.1.1. осы Жарғыға сәйкес Жалпы жиналыстың немесе Директорлар Кеңесінің қарауына берілуі керек барлық мәселелерді алдын ала қарыстыру, сондай-ақ сәйкес материалдар мен шешімдердің жобаларын дайындау;
- 23.1.2. Банктің мақсаттарына жету үшін бағытталған Банктің қаржы-шаруашылық қызметін орындау туралы, сондай-ақ Жалпы жиналыс

- пен Директорлар Кеңесінің шешімдерін орындау туралы шешімдер қабылдау;
- 23.1.3. Банк қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету;
 - 23.1.4. Банк міндеттемелерін оның жеке меншік капиталы сомасының 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту туралы мәселені алдын ала қарау (және бұған оның әдеттегі операциялар кезінде жасалатын мәмілелері жатпайды) және кейіннен ондай кез келген міндеттемені Директорлар Кеңесі бекітеді;
 - 23.1.5. Банктің ішкі қызметін реттейтін Банктің құжатнамасын бекіту, бұған бекіту Директорлар Кеңесінің ерекше құзыретіне жататын құжатнама жатпайды;
 - 23.1.6. Жалпы жиналыстың және/немесе Директорлар Кеңесінің шешімдерінің жобаларын дайындау, жалпы жиналысты немесе Директорлар Кеңесінің отырыстары туралы хбарлама жіберу, Жалпы жиналыстарды немесе Директорлар Кеңесінің отырыстарын шақырумен және өткізумен байланысты кез келген басқа ұйымдастыру мәселелерін шешу;
 - 23.1.7. Аффинатталған тұлғалардың берген ақпараты, мәліметтерінің негізінде Банктің Аффинатталған тұлғаларының реестрін жүргізу, реестрді жүргізуге жауапты жұмыскерлерді тағайындау;
 - 23.1.8. Директорлар Кеңесінің алдын-ала бекітуі үшін және Жалпы жиналыстың кейіннен қарауы үшін арналған жылдық қаржы есебін дайындау;
 - 23.1.9. Жалпы жиналыстың немесе Директорлар Кеңесінің ерекше құзыретіне жататын мәселелерден басқа, барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылдау.
- 23.2. Басқарманың Төрағасы Басқарманың отырыстарын шақырады, Басқарманың отырыстарында төраға болады, Басқарманың тарапынан шешімдер қабылдауды талап ететін мәселелерді Басқармаға жеткізеді, сондай-ақ Басқарманың берген басқа да міндеттерін орындайды. Басқарманың Төрағасы келесі өкілеттіктерге ие:
- 23.3.1. Жалпы жиналыстың және Директорлар Кеңесінің шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
 - 23.3.2. Үшінші тұлғалармен қарым-қатынасата Банктің атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

- 23.3.3. Басқарманың мүшелерінің бірімен бірігіп, әрекет етіп, үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Банкті танытуға құқық беретін сенімхаттар береді;
- 23.3.4. Банк жұмыскерлерін жұмысқа қабылдау, ауыстыру және шығару туралы бұйрықтар шығарады, оларға ынталандыру және тәртібі үшін жазаға тарту шараларын қолданады, жұмыскерлердің лауазымдық окладтарының және окладтарға қосымша ақылардың мөлшерлерін Банктің штаттық кестесіне сәйкес анықтайды, жұмыскерлерге берілетін сыйақының мөлшерлерін анықтайды, бұған осы Жарғыда және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайлар жатпайды;
- 23.3.5. өзі болмаған кездері міндеттерін Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;
- 23.3.6. міндеттерді бөледі, сондай-ақ Банк Басқармасы мүшелерінің арасында өкілеттіктер мен жауапкершіліктер аясын бөледі;
- 23.3.7. банктің штаттық кестесін бекітеді;
- 23.3.8. банк қызметкерлерін таңдау, міндеттерін бөлу және қолдану мәселелерін белгілейді; және
- 23.3.9. осы Жарғымен және жалпы жиналыстың, Директорлар Кеңесінің шешімдерімен белгіленген басқа да өкілеттіктерді атқарады, бұған аталған органдардың, сондай-ақ Басқарманың ерекше құзыретіне жатқызылған өкілеттіктер жатпайды.

24-БАП. БАСҚАРМАНЫҢ ОТЫРЫСТАРЫ

- 24.1. Басқарма өзі дербес белгілеген кезеңде және Басқарма Төрағасы шақырған кездері өз отырыстарын өткізеді, бірақ бұл кем дегенде аптасына екі рет болуы керек. Басқарманың барлық отырыстары Банктің Алматы қаласындағы офисінде немесе Қазақстан аумағының басқа жерінде өткізіледі. Басқарманың Қазақстаннан тыс отырыстары Директорлар Кеңесінің мақұлдауымен өткізіледі.
- 24.2. Басқарманың Төрағасы мен оны ауыстыратын лауазымды тұлға, сондай-ақ Басқарма мүшелерінің көпшілігі болмаған кездері Басқарма отырыстарда шешімдер қабылдауға құқылы. Басқарманың шешімдері Басқарманың отырысына қатысқан Басқарма мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Басқарманың шешімдері Басқарма отырысының хаттамасында көріну керек.
- 24.3. Басқарма отырысының хаттамасын Басқарманың Төрағасы тағайындайтын хатшы жасайды, оған Басқарманың отырысында төраға болған тұлға және хатшы қолдарын қояды. Хаттама отырыс болған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жасалып, оған қол қойылуы керек. Хаттамада Банктің толық атауы, орналасқан жері, отырыс өткен жер, уақыт, күн, отырысқа қатысқан тұлғалар

туралы мәліметтер, отырыстың күн тәртібі, дауысқа салынған барлық мәселелер, қабылданған шешімдер, сондай-ақ Басқарманың шешімі бойынша басқа да ақпарат енгізілуі мүмкін.

- 24.4. Қазақстан Республикасының заңдамасымен басқаша белгіленбесе, Басқарма мүшесі телефонмен немесе отырыстағы қатысушылар бірін-бірі ести алатындай басқа байланыс құралымен конференция арқылы болатын Басқарманың отырысына қатысуға құқылы, осындай әдіспен отырысқа қатысу отырысқа қатысумен бірдей болады.
- 24.5. Телефонмен немесе басқа байланыс құралымен конференция өткізу арқылы болатын отырысында Басқарма шешім қабылдауға құқылы, бірақ онда Басқарманың Төрағасы немесе оны ауыстыратын лауазымды тұлға, сондай-ақ Басқарма мүшелерінің көпшілігі болуы керек. Телефонмен немесе басқа байланыс құралымен өтетін конференциясы болатын отырыста қабылданатын Басқарманың шешімдері оның отырысына қатысып отырған Басқарма мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады, осы шешімдер хаттамада көрінеді. Телефонмен немесе басқа байланыс құралымен өткізілетін конференция арқылы болатын Басқарма отырысының хаттамасын Басқарма отырысының хатшысы жасайды, оған телефонмен немесе басқа байланыс құралымен өтетін конференция арқылы болатын отырысқа қатысқан Басқарманың барлық мүшелері қолдарын қояды. Хаттама отырысы өткеннен кейін 3 (үш) күннің ішінде жасалып, оған қол қойылу керек. Хаттамада Банктің толық атауы және орналасқан жері, отырыс болған күн, уақыт, жер, отырысқа қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер, отырыстың күн тәртібі, дауысқа салынған барлық мәселелер, осы мәселелер бойынша дауыс беру қорытындылары, қабылданған шешімдер, сондай-ақ Басқарманың шешімі бойынша басқа ақпарат көрсетіледі.
- 24.6. Басқарма шешімдерімен келісетіндігі туралы жазбаша келісімдердің негізінде отырысты өткізбей-ақ шешімдер қабылдауға құқылы. Егер шешімдерді қабылдау Басқарманың әрбір мүшесінің қолы қойылған және Банктің құжатнамасына толықтыру үшін Басқарма Төрағасына берілген қабылданған шешімдерді көрсетіп, жазбаша келісімдерімен куәландырылған болса, Басқарманың отырысында қабылдауды талап ететін немесе шешілетін шешімдер отырыс өткізілмей-ақ қабылдануы мүмкін.

25-БАП.

БАНК ПЕН БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНІҢ МҮДДЕ ДАУЫ

- 25.1. Банктің мүддесі Басқарма мүшесінің, жұбайының немесе жақын немес алыс туыскандарның мүддесіне қайшы келетін болса, Басқарманың осындай мүшесі қандай да бір шешімдерді қабылдауға қатысудан немесе осындай мәселелерге қатысты қандай да бір әрекеттерді орындаудан қалыс қалуға және бұл туралы аталған шешімге жазу енгізуді талап етуге міндетті.
- 25.2. Басқарманың мүшесі Директорлар Кеңесінің келісімінсіз бәсеке болатын қызметке қатысуға немесе бәсекелес компанияда әріптес немесе басқарушы органның мүшесі ретінде қызмет етуге құқықсыз.

- 25.3. Басқарманың мүшелері коммерциялық, қызметтік және Қазақстан Республикасының заңдамасымен қорғалатын басқа да құпияны, сондай-ақ тізімі Қазақстан Республикасының заңдамасымен және (немесе) Директорлар Кеңесінің шешімдерімен анықталатын құпия және арнайы ішкі ақпаратқа қатысты ерекше режимді сақтауға міндетті. Басқарманың мүшелері жоғарыда аталған ақпаратты ашқандығы үшін Қазақстан Республикасының заңдамасына және Басқарманың әрбір мүшесімен жасалған жеке еңбек шарттарымен (келісім-шарттарымен) белгіленген тәртіпте жауапкершілік көтереді. Басқарманың мүшелері құпия ақпаратты таратпау туралы келісімге қол қояды, ол еңбек шартына қоса беріледі.
- 25.4. Басқарма Төрағасының басқа заңды тұлғаның атқарушы органының жетекшісі лауазымын немесе атқарушы органның қызметін жеке-дара атқаратын тұлғаның лауазымын атқаруға құқығы жоқ.

26-БАП.

ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ (БАСҚАРМАСЫ)

- 26.1. Ішкі аудит қызметі (басқармасы) Банкте Банктің, оның акционерлерінің, кредиторларының және клиенттерінің мүдделерін қорғау мақсатымен ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін құрылады. Ішкі аудит қызметі (басқармасы) Банктің тәуелсіз, объективті кеңес беру қызметі ретінде әрекет етеді, Банк қызметін бағалау, бақылау және қауіптерді басқару, тиімділігін арттыруда жүйелі, кәсіби жолды қолдану есебінен Банктің мақсаттарына жетуіне қолдау көрсетеді.
- 26.2. Ішкі аудит қызметінің (басқармасы) басшысы Басқарма ұсынысы бойынша Директорлар Кеңесімен тағайындалады.
- 26.3. Директорлар Кеңесінің және Басқарманың мүшелері Ішкі аудит қызметінің (басқармасы) құрамына кіре алмайды. Ішкі аудит қызметінің жұмыскерлері Директорлар Кеңесінің және Басқарманың құрамына сайлана алмайды.
- 26.4. Ішкі аудит қызметінің (басқармасы) жұмыс мерзімі Директорлар Кеңесімен бекітіледі.
- 26.5. Ішкі аудит қызметі (басқармасы) үнемі өз қызметі жайлы Директорлар Кеңесіне есеп береді.

27-БАП.

КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫ

- 27.1. Банктің органдары мен лауазымды тұлғалары Қазақстан Республикасының заңдамасымен, Банктің Жарғысымен, Банктің ішкі құжаттарымен белгіленген Жалпы жиналысты, Банктің Директорлар Кеңесінің отырыстарын дайындау және өткізу, сондай-ақ Банктің Директорлар Кеңесінің қызметіне, Банк туралы ақпаратты сақтау, ашу және беру тәртібіне қатысты Банк Акционерлерінің құқықтары мен мүдделерін жүзеге асыруға кепілдік беретін процедуралық талаптарды Банктің органдары мен лауазымды тұлғалардың сақтауын қамтамасыз ету мақсатында Банкте үнемі Корпоративтік Хатшы әрекет етеді.

- 27.2. Директорлар Кеңесі Корпоративтік хатшыны Банктің Директорлар Кеңесінің шешімімен белгіленген мерзімге сайлайды. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Жарғымен немесе Жалпы жиналыспен басқаша белгіленбесе, Корпоративтік Хатшы осы қызметте бірнеше рет қайта сайлана алады.
- 27.3. Корпоративті Хатшы келесі қызметтерді атқарады:
- 27.3.1. Жалпы жиналыстарды, Директорлар Кеңесінің отырыстарын Қазақстан Республикасының заңнамасының, жарғының, Банктің басқа да ішкі құжатнамасының талаптарына сәйкес дайындауды және өткізуді қамтамасыз етеді;
 - 27.3.2. Жалпы жиналыстарды және Директорлар Кеңесінің отырыстарын дайындауға жән өткізуге қатысты барлық ұйымдастыру мәселелерінің шешіміне бақылау жүргізеді;
 - 27.3.3. Жалпы жиналысқа қатысуға құқылы тұлғалардың тізіміне бақылау жасауды қамтамасыз етеді;
 - 27.3.4. Банктің атынан нұсқаулар беру өкілеттіктеріне ие болып, Банктің тіркеушісімен келісімшарт жасайды;
 - 27.3.5. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін жасайды, она кейіннен Директорлар Кеңесіне береді, сондай-ақ Банктің Директорлар Кеңесінің отырысының күн тәртібін жасайды; Жалпы жиналыста немесе Директорлар Кеңесінің отырысында сырттай дауыс беру кезінде осындай дауыс беру үшін бюллетеньдерді дайындайды; Жалпы жиналыстың күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша күн тәртібінің мәселелері бойынша шешімдердің жобаларын дайындайды және осындай жобаларды Банктің Басқармасымен келіседі;
 - 27.3.6. Жалпы жиналыстың және (немесе) Директорлар Кеңесінің күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды жинақтайды;
 - 27.3.7. Директорлар Кеңесінің және Басқарманың мүшелеріне Жалпы жиналыстың өтетіндігі туралы хабарлайды;
 - 27.3.8. Жалпы жиналыстың қатысушыларының немесе Директорлар Кеңесінің мүшелерінің Жалпы жиналыстарды және Директорлар Кеңесінің отырыстарын өткізу мәселелеріне қатысты сұрақтарына жауап береді;
 - 27.3.9. Директорлар Кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін орындауда көметеседі;
 - 27.3.10. Банк акционерлерінің Реестрлер жүйесін жүргізу жөніндегі кез-келген мәселелерге қатысты Банктің тіркеушісінің мәселелерін жібереді;
 - 27.3.11. Аталған тұлғаларға берілген мәліметтердің негізінде Банктің аффинатталған тұлғаларын есепке алады;

27.3.12. Жалпы жиналыстың және Директорлар Кеңесінің отырысының хаттамалар кітабын, сондай-ақ сәйкес жиналыстардың және отырыстардың басқа материалдарды жүргізеді және сақтайды;

27.3.13. Жалпы жиналыстың және Директорлар Кеңесінің шешімдері туралы ақпаратты Банктің қабылданған шешімдерді орындауға жауапты органдарына/ лауазымды тұлғаларына/ бөлімшелеріне/ басқармаларына беру;

27.3.14. Корпоративтік хатшының қызметі туралы Банктің ішкі құжаттарымен анықталатын басқа міндеттерді орындайды.

28-БАП. АУДИТОРЛАР

28.1. Банктің жылдық қаржы есебі және Басқарманың қызметі туралы есепке кәсіби халықаралық танылған аудиторлық фирма жыл сайын аудит жүргізеді. Аудиторлар аудиттердің нәтижелері туралы жазбаша есепті дайындайды.

28.2. Банктің аудиті Директорлар Кеңесінің, Басқарманың бастамасымен Банктің есебінен немесе Ірі Акционердің талап етуі бойынша соның есебінен жүргізіледі, бұл кезде Ірі Акционер аудиторлық ұйымды өз бетінше белгілей алады. Аудитті Ірі Акционердің талабымен жүргізген жағдайда, Банк аудиторлық компания сұрайтын барлық қажетті құжаттарды (материалдарды) тапсыруға міндетті.

29-БАП. ҚАРЖЫ ЖЫЛЫ, БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНС, КІРІСТЕР МЕН ШЫҒЫНДАР ТУРАЛЫ ЕСЕП

29.1. Банктің қаржы жылы күнтізбелік жылмен сәйкес келеді. Алғашқы қаржы жылы Банктің алғашқы тіркелген күні басталды және 1994 жылдың 31 желтоқсанында аяқталды.

29.2. Басқарма бухгалтерлік балансты, кірістер мен шығындар туралы есепті, өткен жылғы түсініктеме жазуларды жасайды, мұнда аталған құжаттар жылдық қаржы есебін құрайды. Басқарма аталмыш жылдағы Банктің қызметі туралы сәйкестендірілген жазбаша есепті, таза кірісті пайдалану және дивидендтерді бөлу жөніндегі ұсынысты жасайды. Аталған құжаттар орыс және ағылшын тілдерінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасының басқа талаптарына сәйкес жасалауы керек және жалпы қабылданған халықаралық принциптерге және бухгалтерлік есептің тәжірибесін сәйкес болуы керек. Сондай-ақ Басқарма осы Жарғының 28-бабына сәйкес тәуелсіз халықаралық деп танылған сыртқы аудиторлардың тексеруі үшін жылдық қаржы есебін және Банктің қызметі туралы есепті береді.

29.3. Әрбір жылдың бірінші сәуірінен кешіктірмей және Жылдық Жалпы жиналыс болатын күннен кемінде 30 (отыз) күн бұрын, Басқарма Директорлар Кеңесіне келесі құжаттарды қарап, алдын-ала бекітуге береді: өткен қаржы жылы ішіндегі

жылдық қаржы есебі, аталған кезеңдегі Банктің қызметі туралы жазбаша есеп, таза кірісті пайдалану және дивидендтерді бөлу жөніндегі ұсыныс, сондай-ақ тәуелсіз халықаралық деп танылған сыртқы аудитордың дайындаған олар бойынша есебі.

- 29.4. Банк жыл сайын Уәкілетті орган белгілеген мерзімдерде бұқаралық ақпарат құралдарында жылдық бухгалтерлік балансын, капиталындағы барлық өзгерістерді көрсететін есепті, ақша қаражатының қозғалысы туралы есепті және табыстары мен шығындары туралы есепті жариялауға міндетті.

30-БАП.

ТАЗА КІРІСТІ БӨЛУ ЖӘНЕ ШЫҒЫНДАРДЫ ЖАБУ, ДИВИДЕНДТЕР

- 30.1. Банкте қалған таза кіріс Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бюджетіне талап етілген төлемдерді, Банктің Сатық капиталына сомаларды жұмсағаннан кейін, Банктің басқа да қорларына, Банктің басқа да қажеттіліктеріне жұмсалады немесе Акционерлердің арасында әрбір Акционерге тиесілі Акциялардың санына пропорционал түрде дивиденд ретінде бөлінуі мүмкін.
- 30.2. Банктің қызмет барысында туындауы мүмкін шығындар Банктің Сақтық капиталының есебінен жабылады.
- 30.3. Акциялар бойынша дивидендтер ақшамен немесе Бағалы қағаздармен төленеді. Егер төлем Акционердің келісімімен жарияланған Акциялармен жүргізілетін болса ғана Акциялармен, Бағалы қағаздармен дивидендтерді төлеуге жол беріледі. Дивидендтерге құқылы Акционерлердің тізімі дивидендтер төленетін күн басталғанға дейінгі бір күн бұрын жасалады.
- 30.4. Акциялар бойынша дивидендтер төлем агенті арқылы төленуі мүмкін. Төлем агентінің қызметтері Банктің есебінен өтеледі.
- 30.5. Дивиденд төлеу туралы шешімді Жалпы жиналыс қабылдайды.
- 30.5.1. Дивиденд төлеу туралы шешім басылымда Акциялар бойынша дивиденд төлеу туралы шешім қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні шінде бұқаралық ақпарат құралында жарияланады.
- 30.5.2. Акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімде келесі мәліметтер көрсетілуі керек:
- (а) Банктің атауы, орналасқан жері, банктік және басқа да деректемелері;
 - (б) дивиденд төленетін кезең;
 - (в) бір Акцияға келетін дивидендтің мөлшері;
 - (г) дивиденд төлеу басталатын күн; және
 - (д) дивиденд төлеу нысаны мен тәртібі.

- 30.5.3. Жалпы жиналыс/Директорлар Кеңесі Акциялар бойынша дивиденд төлемеу туралы шешім қабылдауға құқылы. Осындай шешім қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралында жарияланады.
- 30.6. Келесі жағдайларда Акциялар бойынша дивиденд есептелмейді:
- 30.6.1. Банктің Жеке меншік капиталының мөлшері теріс болғанда немесе Банктің Жеке меншік капиталының мөлшері дивиденд төлеу нәтижесінде теріске айналатын болса;
- 30.6.2. егер Банк Қазақстан Республикасының банроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем жасауға қабілетсіз немесе күші жоқ деп танылса немесе аталған сипаттар Банктің акциялар бойынша дивиденд төлеу нәтижесінде Банкте пайда болтын болса; немесе
- 30.6.3. Жалпы жиналыс Банктің дамуы мен оның қызметінің преспективалары мен бағыттарын назарға ала отырып, белгілі бір кезеңнің қорытындысы бойынша дивиденд төлеу мақсатқа сай емес деп таныған жағдайда.
- 30.7. Орналастырылмаған немесе Банктің өзі сатып алған Акциялар бойынша, сондай-ақ сот немесе Банктің Жалпы жиналысы оны тарату туралы шешім қабылдаған жағдайда, дивиденд есептелмейді және төленбейді.
- 30.8. Акционер Банктің қарызы қашаннан беру туындағанына қарамастан, алынбаған дивидендтерін талап етуге құқылы. Төлем мерзімі белгіленген уақытта дивиденд төленбеген жағдайда, Акционер дивидендтердің негізгі сомасын және ақша міндеттемесін немесе сәйкес бөлігін орындаған күнгі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыруының ресми ставкасынан есептелетін өсімақыны төлеуді талап етуге құқылы.

31-БАП.

БАНКТИҢ АФФИНАТТАЛҒАН ТҰЛҒАЛАРЫ

- 31.1. Банктің аффинатталған тұлғалары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тұлғалар болып табылады.
- 31.2. Банктің аффинатталған тұлғаларының қатысуымен мәмілелер жасау ерекшеліктері осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.
- 31.3. Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген аффинатталған тұлғалардың қатысуымен мәмілелерді жасау тәртібіне қойылған талаптарды сақтамау кез келген мүдделі тұлғаның арызы бойынша осындай мәмілелелердің күші жоқ деп тануға негіз болады.
- 31.4. Егер талап алаяқтық дәлелдермен немесе жауапкершіліктен бас тарту ниетінде туындаса, осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен

белгіленген аффилиатталған тұлғалардың қатысымен мәмілелер жасау тәртібіне қойылған талаптарды біле тұрып бұзу арқылы мәміле жасаған тұлға осындай мәміленің күші жоқ деп тануды сұрауға құқықсыз.

32-БАП. АҚПАРАТТЫ ЖАРИЯЛАУ. БАНКТИҢ ҚҰЖАТНАМАСЫ

- 32.1. Банк Акционерлерге олардың мүддесіне қатысты Банктің қызметі туралы ақпаратты беруге міндетті. Акционерлердің мүддесіне қатысты ақпарат деп төмендегілер танылады:
- 32.1.1. Жалпы жиналыстың және Директорлар Кеңесінің қабылдаған шешімдері, бекітілген шешімдерді орындау туралы ақпарат;
 - 32.1.2. Акциялардың және басқа бағалы қағаздарды шығару, уәкілетті органның Акцияларды және басқа бағалы қағаздарды орнықтыру нәтижелері туралы есептерді, Акцияларды және басқа бағалы қағаздарды өтеу нәтижелері туралы есептерді бекітуі, уәкілетті органның Акцияларды және басқа бағалы қағаздарын жоюы;
 - 32.1.3. Банктің Ірі мәмілелерді және жасауға мүддесі бар мәмілелерді жасауы;
 - 32.1.4. Банктің жеке меншік капитал мөлшерінің 25 (жиырма бес) және одан да көп пайызын құрайтын мөлшерде қарыз алуы;
 - 32.1.5. Банктің қандай да бір қызмет түрін атқаруға лицензия алуы, Банктің қандай да бір қызмет түрін атқаруға ертеректе алған лицензиясын тоқтату немесе күшін тоқтату;
 - 32.1.6. Банктің заңды тұлғаны құруға қатысуы;
 - 32.1.7. Банк мүлкіне қамау жариялануы;
 - 32.1.8. Нәтижесінде баланстық құны Банк активтерінің жалпы мөлшерінің 10 (он) немесе одан да көп пайызын құрайтын Банктің мүлкі жойылатын төтенше сипаттағы міндеттемелердің басталуы;
 - 32.1.9. Әкімшілік жауапкершілікке тартылуы мүмкін Банкке немесе лауазымды тұлғаға қатысты дауларды тудыру;
 - 32.1.10. Банкті еркінен тыс қайта құру туралы шешімдер; немесе
 - 32.1.11. директорлар Кеңесінің шешіміне сәйкес Акционерлердің мүддесіне қатысты кез келген басқа ақпарат.
- 32.2. Акционерлердің мүддесіне қатысты Банктің қызметі туралы ақпаратты Банк Акционерлерге «Казахстанская правда» және «Егемен Қазақстан» газеттері, сондай-ақ Банктің www.rbs.kz адресінде орналасқан web-сайты арқылы хабарлайды.

- 32.3. Банктің Аффинатталған тұлғалары туралы ақпарат қызметтік, коммерциялық немесе басқа заңмен қорғалатын құпияны құрамайды. Банк өзіне берілген ақпараттың негізінде өзінің Аффинатталған тұлғаларына қатысты құжатнама жүргізеді. Банктің Аффинатталған тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар, Банктің Акционерлері мен Лауазымды тұлғалары Банкке сәйкес аффинатталған тұлғасы құрылған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде өздерінің аффинатталған тұлғаларына қатысты ақпаратты Банкке беруге міндетті.
- 32.4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Банк өзінің Аффинатталған тұлғаларының тізімін Уәкілетті органға береді.
- 32.5. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзінің реттеу және бақылау қызметтерін орындау барысында Уәкілетті органның талап еткен ақпаратын ашады.
- 32.6. Қызметке қатысты Банктің құжатнамасы Басқарманың орналасқан жері бойынша қызметінің барлық мерзімі бойынша Банк сақтайды. Келесі құжаттар сақталуы керек:
- (а) Жарғы, Жарғыға енгізілген толықтырулар мен өзгертулер;
 - (б) құрылтай жиналыстарының хаттамалары;
 - (в) құрылтай шарты, құрылтай шартына енгізілген өзгертулер мен толықтырулар;
 - (г) Банкті заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік;
 - (д) Банктің статистикалық картасы;
 - (е) белгілі бір қызмет түрлерімен айналысуға және (немесе) белгілі бір әрекеттерді орындауға берілген лицензиялар;
 - (ж) Банктің балансындағы мүлікке құқықтарын растайтын құжаттар;
 - (з) Банктің бағалы қағаздар шығарылымдарының жобалары;
 - (и) Банктің бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеуін растайтын құжаттар, бағалы қағаздарды жою, сондай-ақ Уәкілетті органға берілген Банктің бағалы қағаздарын орнықтыру және өтеу нәтижелері туралы есептерді бекіту;
 - (к) Банктің филиалдары, өкілдіктері мен есеп айырысу-касса бөлімдері туралы ережелер;
 - (л) Жалпы жиналыстың хаттамалары және Жалпы жиналыстың күн тәртібіндегі мәселелері жөніндегі материалдар;
 - (м) Жалпы жиналысты өткізу үшін берілген Акционерлердің тізімдері;

- (л) Директорлар Кеңесі отырыстарының хаттамалары (сырттай отырыстардың шешімдері), Директорлар Кеңесінің отырыстарының күн тәртібіндегі мәселелері жөніндегі материалдар; және
 - (о) Басқарма отырыстарының хаттамалары (шешімдері).
 - (п) Банктің қызметтік, коммерциялық немесе заң бойынша қорғалатын басқа құпиясын құрайтын ақпаратты қолданатын жұмыскерлерінің тізімі.
- 32.7. Басқа құжаттар, соның ішінде Банктің қаржы есебі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мерзім ішінде сақталады.
- 32.8. Банк Акционердің талап етуі бойынша осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен берілуі қарастырылған құжаттардың көшірмелерін беругі міндетті. Осындай құжаттардың көшірмелерін беру тәртібін Басқарма жасайды және оны Директорлар Кеңесі бекітуі керек. Қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа ақпаратты беру белгілі бір шектеулерді енгізеді. Жоғарыда аталған тәртіп құжаттардың көшірмелерін беру үшін алынатын төлемдердің мөлшерін қарастырады, осындай төлемдер сол құжаттардың көшірмелерін дайындауға және Акционерге жеткізуге байланысты шығындардан артық бола алмайды.

33-БАП.

ЖАСАУҒА МҮДДЕЛІЛІК БАР МӘМІЛЕЛЕР; ІРІ МӘМІЛЕЛЕР

- 33.1. Банктің Аффинатталған тұлғалары:
- (а) мәміленің тарапы болса немесе өкілдер немесе делдалдар ретінде оған қатысса; немесе
 - (б) мәміленің тарапы немесе оған өкіл немесе делдал ретінде қатысатын заңды тұлғаның аффинатталған тұлғалары болса,
- Банкпен мәміле жасауға мүдделі тұлғалар болып табылады.
- 33.2. Төмендегі мәмілелер Банк жасауға мүдделі мәміле болып табылмайды:
- 33.2.1. Акционердің Банк Акцияларын немесе басқа бағалы қағаздарын алуы жөніндегі, сондай-ақ Банктің өзінің орналастырылған Акцияларын сатып алуы жөніндегі мәмілелер;
 - 33.2.2. банктік, коммерциялық және заң бойынша қорғалатын басқа құпияны құрайтын мәліметтерді жарияламау міндеттемесін қабылдау жөніндегі мәміле;
 - 33.2.3. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Банкті қайта ұйымдастыру;
 - 33.2.4. Банктің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алымдар туралы заңдарына сәйкес аффилатталған тұлғаларымен жасайтын мәмілесі.

- 33.3. Осы Жарғының 33.1.-бабында көрсетілген тұлғалар Директорлар Кеңесін келесі туралы хабарлауға міндетті:
- 33.3.1. олар жасауға мүдделілік бар мәміленің тараптары болып табылатындығы туралы немесе олар өкілдер немесе делдал ретінде қатысқаны туралы;
 - 33.3.2. өздерімен аффилиатталған заңды тұлғалар туралы, соның ішінде өздері немесе өздерінің аффилиатталған тұлғаларымен бірге дауыс беру акцияларының 10 (он) және одан да көп пайызын иеленетін заңды тұлғалар туралы және өздері органдарында қызмет атқаратын заңды тұлғалар туралы;
 - 33.3.3. өздері мүдделі тұлға болып танылуы мүмкін жасалатын немесе болжамды өздеріне белгілі мәмілелер туралы.
- 33.4. Банктің жасауға мүдделі жасауы туралы шешім Директорлар Кеңесінің осы мәмілені жасауға мүддесі жоқ мүшелерінің қарапайым басым көпшілік даусымен қабылданады.
- 33.5. Банктің жасауға мүдделілік бар мәмілені жасауы туралы шешім:
- 33.5.1. Директорлар Кеңесінің барлық мүшелері мүдделі тұлғалар болып табылса,
 - 33.5.2. шешім қабылдау үшін қажетті саны болмағандықтан, Директорлар кеңесі осындай мәміле жасау туралы шешімді қабылдай алмаса;
- осы мәмілені жасауға мүддесі жоқ Акционерлердің қарапайым басым көпшілік даусымен Жалпы жиналыста қабылданады:
- 33.6. Директорлар Кеңесінің барлық мүшелері мен қарапайым акцияларды иеленетін барлық акционерлер мүдделі тұлға болып табылса, онда Банктің жасауға мүдделілік бар мәмілені жасауы туралы шешімді дауыс беруші Акциялардың жалпы санының қарапайым көпшілігімен Жалпы жиналыс қабылдайды.
- Бұл кезде Жалпы жиналысқа негізді шешім қабылдау үшін қажетті ақпарат (құжаттарды тіркеу арқылы) беріледі.
- 33.7. Ірі мәміле деп (бұдан былай “Ірі мәмілелер”) келесілер танылады:
- 33.7.1. нәтижесінде Банк құны өз активтері құнының жалпы мөлшерінің 25 (жиырма бес) және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті иеленетін немесе шеттетін (иеленуі немесе шеттетуі мүмкін) мәміле немесе бір-бірімен өзара байланысты мәмілелер;
 - 33.7.2. нәтижесінде Банк орнықтырылған бір түрдегі бағалы қағаздардың жалпы санының 25 (жиырма бес) және одан да көп пайызы мөлшерінде орнықтырылған бағалы қағаздарын қайта сатып алатын немесе сатып

алған бағалы қағаздарын сататын мәміле немесе бір-бірімен өзара байланысты мәмілелер;

- 33.7.3. жалпы жиналыс Ірі мәміле деп танитын басқа мәміле.
- 33.8. Келесі мәмілелер бір-бірімен өзара байланысты мәміле деп танылады:
- 33.8.1. бір ғана тұлғамен немесе өзара аффилиатты тұлғалар тобымен жасалатын бір ғана мүлікті иеленуге немесе шеттетуге қатысты бірнеше мәміле;
- 33.8.2. бір шартпен немесе бір-бірімен байланысты бірнеше шартпен ресімделетін мәмілелер; немесе
- 33.8.3. жалпы жиналыстың шешімімен бір-бірімен өзара байланысты деп танылатын бақа мәмілелер.
- 33.9. Ірі мәміле мәні деп танылатын мүліктің нарықтық құны Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес анықталады. Егер нарықтық құнын анықтау керек мүлік бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында айналып жүрген бағалы қағаздар болатын болса, олардың нарықтық құнын анықтау кезінде осындай бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелердің нарықтық құны немесе сұраныстың бағасы мен осындай бағалы қағаздарға деген ұсыныстар есепке алынады. Егер нарықтық құнын анықтау керек мүлік Банктің Акциялары болса, олардың нарықтық құнын анықтау кезінде Банктің Жеке меншік капиталының мөлшері, Банктің даму жоспарларына сәйкес олардың болашақтағы өзгерістері және нарықтық құнын анықтайтын тұлға маңызды деп санайтын басқа да факторлар есепке алынады.
- 33.10. Банктің Ірі мәміле жасауы туралы шешімді Директорлар Кеңесі қабылдайды.
- 33.11. Банктің несиеберушілері мен Акционерлерін хабарландыру мақсатында Банк Жалпы жиналыс Ірі мәміле жасау туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі 5 (бес) жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік және басқа тілдерде мәміле туралы хабарландыру жариялауға міндетті.
- Банктің осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте қабылданған Ірі мәміле жасау туралы шешіміне келіспеген жағдайда, Акционер Банктен Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте өзіне тиесілі Акцияларды сатып алуын талап етуге құқылы.
- 33.12. Ірі мәмілелерді немесе жасауға мүдделілік бар мәмілені жүзеге асыруға қатысты осы Жарғының және Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын сақтамау мүдделі тұлғалардың арызының негізінде осы мәмілелердің күшінің жоқ екендігін сот тәртібінде тануға алып келеді.
- 33.13. Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен қарастырылған мәмілелерді жасау тәртібіне қойылған талаптарды бұза отырып

Банкпен мәміле жасауға мүдделі тұлға Банктің алдында Банкке келтірген шығындары мөлшерінде жауапкершілік көтереді. Осындай мәмілені бірнеше тұлға жасаған жағдайда, олардың Банктің алдындағы жауапкершілігі бірыңғай болып табылады.

- 33.14. Егер алаяқтықпен немесе жауапкершіліктен жалтару мақсатында талап ететін болса, Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен белгіленген талаптарды бұза отырып Ірі мәмілені қасақана жасаған тұлға осындай Ірі мәміленің күші жоқ деп тануды талап етуге құқықсыз.

34-БАП.

БАНК ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ ТӘРТІБІ. ТАРАТУ

- 34.1. Банкті мәжбүрлеп тарату Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізіледі.
- 34.2. Банкті тарату:
- 34.2.1. Уәкілетті органның келісімімен Жалпы жиналыстың шешімінің негізінде; немесе
 - 34.2.2. Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған кез келген басқа әдіспен, жүзеге асырылады.
- 34.3. Егер Банк ерікті түрде тарайтын болса, Жалпы жиналыс тарату комиссиясын тағайындап, тарату комиссиясының мүшелерінің сыйақы мөлшерін белгілейді. Тарату басырында осы Жарғының ережелері мүмкін болғанынша күшінде қалады.
- 34.4. Тарату комиссиясы тағайындалған кезден бастап оған Банктің барлық басқару қызметтері беріледі. Тарату комиссиясы Банк активтерін басқаруға алады, осындай активтерге өкімдік жүргізуді және Банктің несиеберушілерімен есептесу жүргізуді ұйымдастырады, сондай-ақ Банктің Жалпы жиналысына беру үшін тарату балансын жасайды.
- 34.5. Несиеберушілермен есептесіп, Банктің басқа міндеттерін қанағаттандырғаннан кейін қалған Банктің кез келген қаржы-қаражаты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Акционерлерге беріледі.
- 34.6. Банкті тарату аяқталады да, заңды тұлғалардың мемлекеттік регистріне тиісті жазба жасалғаннан кейін Банктің өмір сүруі тоқтатылды деп есептеледі. Тарату комиссиясы Банктің қызметінің тоқтауы туралы басылымға хабарлама беруді ұйымдастырады.

35-БАП.

ЖИНАЛЫСТАРДЫ ЖӘНЕ ОТЫРЫСТАРДЫ ШАҚЫРУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАР ЖӘНЕ ХАБАРЛАМАЛАР

Жиналысты және отырыстарды шақыру туралы барлық құжаттар, хабарламалар және осы Жарғыда баяндалған мәселелер бойынша басқа да хабарлар ағылшын және орыс тілдерінде (Қазақстан Республикасының заңнамасы талап еткенде қазақ тілінде) болады

және олар барлық мүдделі тұлғаларға жеке, тапсырыс жолдамасы, курьер немесе тестіленген телекс немесе телеграф байланысы арқылы жеткізілуі керек. Қандай да бір келіспеушіліктер немесе даулар болған жағдайда, жиналыстарды және отырыстарды шақыру туралы хабарламалардың, құжаттардың және басқа да хабарлардың ағылшын тіліндегі нұсқасы басым күшке ие болып табылады.

ABN AMRO Bank N.V.

МФК

атынан

атынан

қолы

қолы

Е.И. Кириловская ханым

Е.И. Кириловская ханым

(сенімхат бойынша)

(сенімхат бойынша)

Кириловская Елена Ивановна

Жиырма бірінші мамыр екі мың сегізінші жылы, Мен, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен 03.04.1999 жылы берілген № 0000396 лицензияның негізінде әрекет жасаушы Алматы қаласының нотариусы Канагатова П.Д. ABN AMRO Bank N.V. атынан және Халықаралық Қаржы Корпорациясының атынан сенімхат бойынша әрекет жасаушы Кириловская Елена Ивановнаның менің кезімше құжатқа қойылған қолының түпнұсқа екендігін куәландырамын. Құжатқа қол қоюшының жеке басы анықталды. Заңды тұлғалардың құқықтық қабілеттілігі және өкілдің өкілеттігі тексерілді.

Тізілімде № 1- 8192 болып тіркелді

Нотариалдық қызмет жасағаны үшін 117 теңге алынды.

Нотариус Қолы Мөр

Нөмірленгені және тігілгені

48 бетте

Нотариус Қолы Мөр

Жиырма бірінші мамыр екі мың сегізінші жылы, Мен, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен 03.04.1999 жылы берілген № 0000396 лицензияның негізінде әрекет жасаушы Алматы қаласының нотариусы Канагатова П.Д. осы мәтіннің орыс тілінен мемлекеттік тілге аудармасының дұрыс екендігін куәландырамын.

Тізілімде № 1-8195 болып тіркелді

Нотариалдық қызмет жасағаны үшін 117 теңге алынды.



Байланып тігілді және
нөмірленді 96
Тарақтың саны _____
Нотариус

